

Қозы көрпеш-Баян сұлу күні

15 сәуір - ел жастарының асыға күткен «Қозы көрпеш- Баян сұлу» күні де келіп жетті. Бұл күн адамдардың бір-біріне ыстық сезімін білдіріп, өз махаббаттарына деген құрметін көрсететін «ғашықтар күні». Бұл мереке елімізде 2011 жылы бекітілген болатын. Содан бері жастар арасында әр жыл сайын тойланып келе жатыр.

Бұл мейрамның тарихына келетін болсақ, қазақ тарихындағы ең танымал ғашықтардың бірі «Қозы мен Баянның» бір-біріне деген адал, кіршіксіз таза сезімдерінен пайда болды. Бұл жырдың мазмұнына келетін болсақ, кезінде Сарыбай мен Қарабай деген екі бай аң аулап жүріп, балалары Қозы мен Баянды атастыруды шешеді. Аң аулап жүріп Сарыбай өзінің ұлды болғанын естіп, дегенмен баласын көре алмай қаза табады. Ал Сараң Қарабай өзінің қызын жетімге бермеймін деп, Аягөзге көшіп кетеді. Ал қызын жергілікті бір палуанға бермек болады. Бұл уақытта қос ғашықтың бір-біріне деген махаббаты ыстық болатын. Дегенмен Қодар палуан қос ғашықтың ортасына іріткі салып Қозының басын зұлымдықпен алады. Қозы Баянды шын сүйіп еді.

Бір сөзінде Көрпеш Баянға:

Дүниеде ғашық қатты екен,

Көңілді бұған бұрғызды.

Береме Тәңірім, бермей ме,

Ынтық болған бір қызды.

Қосылғанша мен оған,

Ішіме қайғы толғызды. –деп Баянды қатты бағалайтынын, кіршіксіз

сүйетіндігін айтқан болатын. Ғашығының өлімінен кейін Баян өш алуды

шешеді. Ол Қодарға құдықтан су алып берсе күйеуге шығамын деп айтады.

Қодар Баянның шашынан ұстап құдыққа түседі, осы сәтті пайдаланып Баян

шашын кесіп жібереді. Осылайша тұңғыйыққа түсіп Қодар да қаза табады. Ал

кегін алған Баян өз ғашығының күмбезіне келіп, өзіне қанжар салып қаза

табады.

Содан бері бүгінде 15 сәуір ғашықтар күні деп белгіленіп, жастарымыздың арасында үлкен мерекеге айналып отыр.

«Махаббатсыз дүние бос» деп ата бабамыз айтып кеткендей. Бұл ұлы сезімді сезіну барлығына бұйырсын. Ғашықтарымыз ұзақ әрі бақытты өмір кешсін.